Комиссиялық кірістер мен шығыстар келесі тармақтарды қамтиды:

	<i>31 наурызда аяқталған үш айлық кезеңде</i>	
	<i>2026 жыл (аудит жүргізілмеген)</i>	<i>2025 жыл (аудит жүргізілмеген)</i>
Аударым және эквайринг операциялары	3,856	6,192
Ағымдағы шоттар мен клиенттердің депозиттеріне қызмет көрсету	884	1,945
Кепілдіктер мен аккредитивтер	263	391
Кассалық операциялар	258	388
Бағалы қағаздар нарығындағы қызмет	82	85
Шетел валютасымен операциялар	60	95
Сейфтік операциялар бойынша қызметтер	41	45
Басқасы	153	125
<b>Комиссиялық кірістер</b>	<b>5,597</b>	<b>9,266</b>
Аударым және эквайринг операциялары	(4,657)	(5,520)
Брокерлік қызметтер	(154)	(106)
Шетел валютасымен операциялар	(31)	(5)
Корреспонденттік шоттарды жүргізу	(22)	(31)
Агенттік қызметтер	(19)	(28)
Басқасы	(99)	(142)
<b>Комиссиялық шығыстар</b>	<b>(4,982)</b>	<b>(5,832)</b>
<b>Таза комиссиялық кіріс</b>	<b>615</b>	<b>3,434</b>

**8. Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша таза пайда**

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша таза пайдаға мыналар кіреді:

	<i>31 наурызда аяқталған үш айлық кезеңде</i>	
	<i>2026 жыл (аудит жүргізілмеген)</i>	<i>2025 жыл (аудит жүргізілмеген)</i>
Валюталық туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза өткізілген пайда	17,253	5,619
Клиенттерге берілген, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын кредиттердің әділ құнының өзгеруінен таза пайда	23	63
Валюталық туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза іске асырылмаған зиян	(786)	(33)
<b>Жиыны</b>	<b>16,490</b>	<b>5,649</b>

**9. Шетел валютасымен операциялар бойынша таза (зиян)/пайда**

Шетел валютасымен операциялар бойынша таза табыстарға мыналар кіреді:

	<i>31 наурызда аяқталған үш айлық кезеңде</i>	
	<i>2026 жыл (аудит жүргізілмеген)</i>	<i>2025 жыл (аудит жүргізілмеген)</i>
Сауда операциялары	3,438	7,567
Валюталық баптарды қайта бағалау	(9,858)	(4,408)
<b>Жиыны</b>	<b>(6,420)</b>	<b>3,159</b>

**«Alatau City Bank» акционерлік қоғамы**

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікке ескертпелер

2026 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айға арналған

*(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)***10. Басқа да кірістер мен шығыстар**

Басқа кірістер мен шығыстар келесідей жолмен ұсынылған:

**Басқа да кірістер**

Қорлардың және сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің өткізілуінен түскен кірістер

Басқа да кірістер

**Жиыны****Басқа да шығыстар**

Алынған кепілзаттық қамтамасыз етуді өткізудің таза құнының өзгеруінен болған залалдар

**Басқа да шығыстар жиыны**

<i>31 наурызда аяқталған үш айлық кезеңде</i>		
<i>2026 жыл (аудит жүргізілмеген)</i>	<i>2025 жыл (аудит жүргізілмеген)</i>	
	543	–
	260	253
	<b>803</b>	<b>253</b>
	(162)	(2,478)
	<b>(162)</b>	<b>(2,478)</b>

**11. Персонал шығыстары**

Персоналдың шығыстары келесідей:

Жұмыскерлерге сыйақылар

Әлеуметтік аударымдар және жалақы бойынша салықтар

**Жиыны**

<i>31 наурызда аяқталған үш айлық кезеңде</i>		
<i>2026 жыл (аудит жүргізілмеген)</i>	<i>2025 жыл (аудит жүргізілмеген)</i>	
	(11,848)	(10,778)
	(1,711)	(1,518)
	<b>(13,559)</b>	<b>(12,296)</b>

**12. Басқа да жалпы және әкімшілік шығыстар**

Басқа жалпы әкімшілік шығыстар келесідей:

Қайырымдылық және демеушілік

Жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Тозу және амортизация

Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар

Салымдарды кепілдендірілген сақтандыру бойынша шығыстар

Күзет

Байланыс қызметтері және ақпараттық қызметтер

Жарнама және маркетинг қызметтері

Инкассация бойынша шығыстар

Кәсіби қызметтер

Жалдау

Көлік шығыстары

Пошта және курьерлік шығындар

Кеңсе керек-жарақтары мен кеңсе жабдықтарына арналған

шығыс материалдары

Іссапар шығыстары

Сақтандыру

Персоналды іріктеу және кадрларды оқыту шығыстары

Басқалары

**Жиыны**

<i>31 наурызда аяқталған үш айлық кезеңде</i>		
<i>2026 жыл (аудит жүргізілмеген)</i>	<i>2025 жыл (аудит жүргізілмеген)</i>	
	(2,314)	–
	(1,644)	(1,413)
	(1,624)	(1,723)
	(837)	(837)
	(669)	(193)
	(379)	(386)
	(376)	(408)
	(223)	(206)
	(187)	(215)
	(169)	(258)
	(98)	(130)
	(72)	(62)
	(60)	(52)
	(35)	(36)
	(23)	(44)
	(19)	(117)
	(13)	(9)
	(719)	(339)
	<b>(9,461)</b>	<b>(6,428)</b>

**«Alatau City Bank» акционерлік қоғамы**

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікке ескертпелер

2026 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айға арналған

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

### 13. Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар келесідей:

	<i>31 наурызда аяқталған үш айлық кезеңде</i>	
	<i>2026 жыл (аудит жүргізілмеген)</i>	<i>2025 жыл (аудит жүргізілмеген)</i>
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(9,000)	(6,550)
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығының өзгеруі- уақытша айырмашылықтардың пайда болуы және азаюы	1,500	1,300
<b>Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар</b>	<b>(7,500)</b>	<b>(5,250)</b>

### 14. Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына мыналар кіреді:

	<i>2026 жылғы 30 наурыз (аудит жүргізілмеген)</i>	<i>2025 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізіл- меген)</i>
Кассадағы ақша қаражаты	64,431	60,471
«ВВВ-» кредиттік рейтингісі бар ҚРҰБ ағымдағы шоттардағы қара- жат	79,834	148,576
Басқа банктердегі және басқа қаржы ұйымдарындағы ағымдағы шот- тардағы қаражат:		
- «АА-»-тен «АА+» дейінгі кредиттік рейтингісімен	8,593	1,525
- «А-»-тен «А+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	12,320	11,135
- «ВВВ-»-тен «ВВВ+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	8,537	8,364
- «В-»-тен «В+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	2	2
- кредиттік рейтингіні тағайындамастан	3,582	5,068
Келісімшарттық мерзімі 90 күннен аз болатын бар ҚРҰБ-дегі мерзімді салымдар	–	280,356
Келісімшарттық мерзімі 90 күннен аз болатын басқа банктердегі мерзімді салымдар:		
- «АА-»-тен «АА+» дейінгі кредиттік рейтингісімен	26,128	12,185
- «А-»-тен «А+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	119,158	115,797
- «ВВВ-»-тен «ВВВ+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	–	6,363
Келісімшарттық мерзімі 90 күннен аз болатын кері «РЕПО» шарт- тары	245,475	142,528
<b>Құнсыздануға арналған резерв шегерілгенге дейінгі ақша қара- жаты мен оның баламалары</b>	<b>568,060</b>	<b>792,370</b>
Құнсыздануға арналған резерв	(7)	(12)
<b>Жиыны</b>	<b>568,053</b>	<b>792,358</b>

Кредиттік рейтингтер халықаралық рейтингтік агенттіктердің стандарттарына сәйкес ұсынылған. Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының мерзімі кешіктірілмеген.

2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Банк ҚББ-да авторепө әдісімен баланстық құны 245,475 миллион теңгені құрайтын кері «РЕПО» шарттарын жасасты (2025 жылғы 31 желтоқсанда: 142,528 миллион теңге). Аталған шарттардың нысанасы мемлекеттік компаниялар мен халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары болып табылады, олардың әділ құны 2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша 245,475 миллион теңгені құрады (2025 жылғы 31 желтоқсанда: мемлекеттік компаниялар мен халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздарының әділ құны 143,754 миллион теңгені құрады).

**«Alatau City Bank» акционерлік қоғамы**

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікке ескертпелер

2026 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айға арналған

*(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)***14. Ақша қаражаты мен оның баламалары, жалғасы****Минималды резервтерге қойылатын талаптар**

Минималды резервтік талаптар ҚРҰБ шығарған нормативтік актілерге сәйкес есептеледі. Минималды резервтік талаптарды орындау үшін Банк Қазақстан Республикасының резидент және бейрезидент клиенттерінің ағымдағы шоттарындағы депозиттер мен қалдықтардың, сондай-ақ Банктің өзге де міндеттемелері мен мемлекеттік қолдау құралдарының белгілі бір минималды деңгейі ретінде есептелетін, кассадағы ақша қаражатының ұлттық валютадағы сомасының және ҚРҰБ ағымдағы шоттағы 4 аптадағы ұлттық валютада қалдықтың орташа мәнінен кем емес деңгейде сақталуы тиіс ақшаны резервтік активтерге орналастырады.

2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша минималды резервтік талаптардың сомасы 153,621 миллион теңгені (2025 жылғы 31 желтоқсан: 158,050 миллион теңге) құрады, резервтік активтің сомасы 154,767 миллион теңгені (2025 жылғы 31 желтоқсан 158,925 миллион теңге) құрады.

**Ақша қаражаттары мен оның баламаларының шоғырлануы**

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банкте ҚРҰБ ағымдағы шоттарына қаражат орналастырылды және ҚРҰБ-ға мерзімді салымдар ашылды, олар бойынша қалдықтар есепті күндегі жағдай бойынша банк капиталының 10% - нан асады. Осы қалдықтардың жиынтық көлемі 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 428,932 миллион теңгені құрады (2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша: жоқ).

**15. Туынды қаржы құралдары****Шетел валютасын сатып алу-сату шарттары**

Банк туынды қаржы құралдарын пайдалана отырып сауда мәмілелерін жасайды. Төменде қаржылық есептілікте активтер немесе міндеттемелер ретінде көрсетілген туынды құралдардың әділ құнын, сондай-ақ олардың шартты сомаларын көрсететін кесте берілген. Жиынтық негізде көрсетілген шартты сомалар туынды құралдың базалық активінің сомасын, базалық мөлшерлемені немесе индексті білдіреді және туынды құралдар құнының өзгеруін бағалау кезінде негіз ретінде алынады. Шартты сомалар жыл соңында аяқталмаған операциялардың көлемін көрсетеді және кредиттік тәуекелді көрсетпейді.

	<i>2026 жылғы 31 наурыз</i>			<i>2025 жылғы</i>		
	<i>(аудит жүргізілмеген)</i>			<i>31 желтоқсан</i>		
	<i>Шартты</i>			<i>Шартты</i>		
<i>сома</i>	<i>Әділ құны</i>		<i>сома</i>	<i>Әділ құны</i>		
		<i>Міндет-</i>			<i>Міндет-</i>	
		<i>теме</i>			<i>теме</i>	
		<i>Актив</i>			<i>Актив</i>	
<b>Валюталық шарттар</b>						
Валюталық своптар – ішкі шарттар	198,653	969	–	122,489	830	–
Валюталық своптар – шетелдік шарттар	10,982	9	–	297	–	–
Форвардтар – шетелдік шарттар	8,805	–	(104)	–	–	–
<b>Жиыны</b>	<b>218,440</b>	<b>978</b>	<b>(104)</b>	<b>122,786</b>	<b>830</b>	<b>–</b>

Жоғарыдағы кестеде шетелдік шарттар деп Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен жасалған шарттар түсініледі, ал ішкі шарттар деп Қазақстан Республикасының резиденттерімен жасалған шарттар түсініледі.

**Форвардтар**

Форвардтық келісімшарттар белгілі бір қаржы құралын көрсетілген бағамен және болашақта көрсетілген күнге сатып алуға немесе сатуға арналған шарттық келісімдерді білдіреді. Форвардтар сауда-саттық бир-жадан тыс нарықта жүзеге асырылатын мамандандырылған шарттарды білдіреді

**«Alatau City Bank» акционерлік қоғамы**

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікке ескертпелер

2026 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айға арналған

*(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)***15. Туынды қаржы құралдары, жалғасы****Своптар**

Своптар шартты сомалар негізінде валюта бағамының өзгеруіне сәйкес келетін сомаларды айырбастау туралы екі тарап арасындағы шарттық келісімдерді білдіреді.

2026 жылғы 31 наурыздағы аяқталған үш айда ішінде валюталық туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза пайда 16,467 миллион теңгені құрады (2025 жылғы 31 наурыздағы аяқталған үш айда ішінде валюталық туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза пайда 5,586 миллион теңге) *(8-ескертпе)*.

**16. Банктер мен басқа да қаржы институттарындағы қаражат**

Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражатқа мыналар жатады:

	<i>2026 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)</i>	<i>2025 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілмеген)</i>
«ВВВ-» кредиттік рейтингімен пайдалануға шектелген ҚРҰБ-дағы қаражат	48	29
Басқа банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы кредиттер мен депозиттер:		
- «АА-»-тен «АА+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	9,595	-
- «А-»-тен «А+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	30,050	40,305
- «ВВВ-»-тен «ВВВ+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	61,558	72,941
- «ВВ-»-тен «ВВ+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	25,198	25,192
- «В-»-тен «В+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	10,219	10,247
- кредиттік рейтингіні тағайындамастан	13,540	14,168
<b>Құнсыздануға резервті шегергенге дейінгі банктер мен басқа қаржы институттарындағы қаражат</b>	<b>150,208</b>	<b>162,882</b>
Асыл металдар	1,594	1,224
Шетел валютасын сатып алу-сату шарттары («спот»)	14	9
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(164)	(329)
<b>Жиыны</b>	<b>151,652</b>	<b>163,786</b>

Кредит рейтингтері халықаралық рейтинг агенттіктерінің стандарттарына сәйкес ұсынылған.

2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша банктердегі және басқа қаржы институттарындағы барлық қаражат мерзімі кешіктірілмеген және кредиттік тәуекел деңгейінің 1-кезеңіне жатады (2025 жылғы 31 желтоқсан: 1-кезең).

2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша берілген кредиттік рейтингі жоқ басқа банктердегі кредиттер мен депозиттердің сомасына жалпы сомасы 13,540 миллион теңгеге халықаралық төлем жүйелері бойынша компанияларға салымдар кіреді (2025 жылғы 31 желтоқсан: 14,168 миллион теңге).

**Банктерде және басқа қаржы институттарында қаражаттың шоғырлануы**

2026 жылғы 31 наурыз және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банкте банктерде және өзге де қаржы институттарында қаражат жоқ, олар бойынша қалдықтардың жиынтық көлемі есепті күндегі банк капиталының 10%-дан астамын құрайды.

**«Alatau City Bank» акционерлік қоғамы**

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікке ескертпелер

2026 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айға арналған

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

**17. Инвестициялық бағалы қағаздар**

Инвестициялық бағалы қағаздарға мыналар кіреді:

	<i>2026 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)</i>	<i>2025 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілмеген)</i>
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	940,044	893,191
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	309,089	304,264
<b>Инвестициялық бағалы қағаздар</b>	<b>1,249,133</b>	<b>1,197,455</b>

Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарға мыналар кіреді:

	<i>2026 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)</i>	<i>2025 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілмеген)</i>
<b>Борыштық бағалы қағаздар</b>		
<b>Мемлекеттік облигациялар</b>		
- ҚРҰБ ноталары	129,632	83,518
- АҚШ Қаржы министрлігінің облигациялары	113,849	120,206
- ҚРКМ облигациялары	113,556	103,900
- ҚРКМ еурооблигациялары	77,309	83,667
- ҚОҚ облигациялары	70,404	61,672
- «Бәйтерек» ҰИХ» облигациялары	65,912	58,037
- «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ облигациялары	1,474	5,302
<b>Мемлекеттік облигациялардың жиыны</b>	<b>572,136</b>	<b>516,302</b>
<b>Үлестік бағалы қағаздар</b>		
- «Кселл» АҚ-ның корпоративтік акциялары	60,993	61,477
<b>Үлестік бағалы қағаздар жиыны</b>	<b>60,993</b>	<b>61,477</b>
<b>Корпоративтік облигациялар</b>		
- «AAA»-тен «AAA+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	2,034	2,033
- «AA»-тен «AA+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	22,466	13,571
- «A»-тен «A+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	69,504	59,667
- «BBB»-тен «BBB+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	116,126	116,500
- кредиттік рейтингі «B»-тан «B+»-қа дейін	4,307	10,179
<b>Корпоративтік облигациялардың жиыны</b>	<b>214,437</b>	<b>201,950</b>
<b>«РЕПО» шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілгендер</b>		
<b>Мемлекеттік облигациялар</b>		
- Корпоративтік облигациялар	33,609	15,836
- «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ облигациялары	22,294	19,455
- ҚОҚ облигациялары	13,854	10,051
- ҚРКМ еурооблигациялары	12,523	-
- ҚРКМ облигациялары	10,198	21,086
- ҚРҰБ ноталары	-	47,034
<b>«РЕПО» шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген инвестициялық бағалы қағаздар жиыны</b>	<b>92,478</b>	<b>113,462</b>
<b>Жиыны</b>	<b>940,044</b>	<b>893,191</b>

**«Alatau City Bank» акционерлік қоғамы**

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікке ескертпелер

2026 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айға арналған

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

## 17. Инвестициялық бағалы қағаздар, жалғасы

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарға мыналар жатады:

	2026 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)	2025 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізіл- меген)
<b>Борыштық бағалы қағаздар</b>		
<b>Мемлекеттік облигациялар</b>		
- ҚРҚМ облигациялары	92,779	80,133
<b>Мемлекеттік облигациялардың жиыны</b>	<b>92,779</b>	<b>80,133</b>
<b>Корпоративтік облигациялар</b>		
- «AAA-»-тен «AAA+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	22,322	22,491
- «AA-»-тен «AA+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	65,679	66,046
- «BBB-»-тен «BBB+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	25,653	26,544
- «BB-»-тен «BB+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	78,301	75,940
- «B-»-тен «B+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	9,740	-
	<b>201,695</b>	<b>191,021</b>
<b>«РЕПО» шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген борыштық бағалы қағаздар</b>		
<b>Мемлекеттік облигациялар</b>		
- ҚРҚМ облигациялары	15,016	33,484
<b>«РЕПО» шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген инвестициялық бағалы қағаздар жиыны</b>	<b>15,016</b>	<b>33,484</b>
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(401)	(374)
<b>Жиыны</b>	<b>309,089</b>	<b>304,264</b>

Кредиттік рейтингтер халықаралық рейтингтік агенттіктердің стандарттарына сәйкес ұсынылған.

Инвестициялық бағалы қағаздар бойынша барлық қалдықтардың мерзімі кешіктірілмеген және кредиттік тәуекел деңгейінің 1-сатысына жатқызылады. 2026 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айлық кезеңде ККЗ резервтің таза қалыптастырылуы 28 миллион теңгені құрады (2025 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айлық кезеңде ККЗ резервін таза қалпына келтіру 279 миллион теңге) (б-ескертіме).

2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Банктің ҚҚБ-да жасалған "репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешегі болды, олар бойынша қамтамасыз ету ретінде «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ облигациялары, ҚРҚМ облигациялары, ҚОҚ облигациялары, ҚРҚМ сурооблигациялары және әділ құны 107,494 миллион теңгені құрайтын корпоративтік облигациялар ұсынылған (2025 жылғы 31 желтоқсанда: «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ облигациялары, ҚРҚМ облигациялары, ҚОҚ облигациялары және әділ құны 146,946 миллион теңгені құрайтын ҚРҰБ ноталары) (24-ескертіме). Барлық операциялар келесі есепті ай ішінде жабылды.

Бұл операциялар стандартты кредит беру, қарыз алу операциялары және бағалы қағаздарды қарызға беру үшін әдеттегі және жалпы қабылданған шарттарда жүргізіледі.

Корпоративтік облигациялар – шетелдік банктер, сонымен қатар жергілікті банктер мен мекемелер шығаратын пайыздық бағалы қағаздар. Бұл бағалы қағаздар ҚҚБ-да еркін айналыста болады.

## 18. Клиенттерге берілген кредиттер

Клиенттерге берілген кредиттер келесі позицияларды қамтиды:

	2026 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)	2025 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілмеген)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер	964,312	933,392
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(85,854)	(91,795)
<b>Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер</b>	<b>878,458</b>	<b>841,597</b>
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер	1,055	1,031
<b>Клиенттерге берілген кредиттер</b>	<b>879,513</b>	<b>842,628</b>

**«Alatau City Bank» акционерлік қоғамы**

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікке ескертпелер

2026 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айға арналған

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

## 18. Клиенттерге берілген кредиттер, жалғасы

**Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер**

2026 жылғы 31 наурыздағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер мынадай тармақтарды қамтиды:

	<i>2026 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)</i>	<i>2025 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілмеген)</i>
Шағын және орта кәсіпорындарға берілген кредиттер	1,055	1,031
<b>Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер</b>	<b>1,055</b>	<b>1,031</b>

### Клиенттерге берілген кредиттердің шоғырлануы

2026 жылғы 31 наурыздағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банкте кредиттердің амортизацияланған құны Банктің меншікті капиталының 10%-дан астамын құрайтын қарыз алушылар немесе өзара байланысты қарыз алушылар топтары болған жоқ.

Клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын кредиттер

2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер келесі позицияларды қамтиды:

	<i>2026 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)</i>				
	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚКҚ</i>	<i>Жиыны</i>
<b>Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер</b>					
Ірі кәсіпорындарға берілген кредиттер	107,280	130	2,352	14,820	<b>124,582</b>
Шағын және орта кәсіпорындарға берілген кредиттер	219,859	46,727	42,923	37,938	<b>347,447</b>
<b>Корпоративтік клиенттерге берілген барлық кредиттер</b>	<b>327,139</b>	<b>46,857</b>	<b>45,275</b>	<b>52,758</b>	<b>472,029</b>
<b>Жеке тұлға клиенттерге берілген кредиттер</b>					
Экспресс-кредиттер	335,587	26,545	102,395	6	<b>464,533</b>
Ипотекалық кредиттер	14,617	122	2,665	1,745	<b>19,149</b>
Тұтынушылық кредиттер	3,728	576	2,919	938	<b>8,161</b>
Автокөлік сатып алуға арналған кредиттер	62	–	150	17	<b>229</b>
Кредиттік карталары	14	–	197	–	<b>211</b>
<b>Жеке тұлға клиенттерге берілген барлық кредиттер</b>	<b>354,008</b>	<b>27,243</b>	<b>108,326</b>	<b>2,706</b>	<b>492,283</b>
<b>ККЗ резервін шегергенге дейін клиенттерге берілген кредиттер</b>	<b>681,147</b>	<b>74,100</b>	<b>153,601</b>	<b>55,464</b>	<b>964,312</b>
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(15,026)	(5,071)	(39,814)	(25,943)	<b>(85,854)</b>
<b>ККЗ резервін шегергенде клиенттерге берілген кредиттер</b>	<b>666,121</b>	<b>69,029</b>	<b>113,787</b>	<b>29,521</b>	<b>878,458</b>

## 18. Клиенттерге берілген кредиттер, жалғасы

### Клиенттерге берілген кредиттердің шоғырлануы, жалғасы

2025 жылғы 31 желтоқсандағы амортизацияланған құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер мынадай позицияларды қамтиды:

	<i>2025 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілмеген)</i>				
	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚКҚ</i>	<i>Жиыны</i>
<b>Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер</b>					
Ірі кәсіпорындарға берілген кредиттер	15,249	–	2,352	15,713	<b>33,314</b>
Шағын және орта кәсіпорындарға берілген кредиттер	268,674	4,371	40,294	39,000	<b>352,339</b>
<b>Корпоративтік клиенттерге берілген барлық кредиттер</b>	<b>283,923</b>	<b>4,371</b>	<b>42,646</b>	<b>54,713</b>	<b>385,653</b>
<b>Жеке тұлға клиенттерге берілген кредиттер</b>					
Экспресс-кредиттер	396,590	26,707	93,840	14	<b>517,151</b>
Ипотекалық кредиттер	16,039	114	2,195	1,711	<b>20,059</b>
Тұтынушылық кредиттер	4,998	845	3,204	985	<b>10,032</b>
Автокөлік сатып алуға арналған кредиттер	82	–	162	18	<b>262</b>
Кредиттік карталары	29	–	206	–	<b>235</b>
<b>Жеке тұлға клиенттерге берілген барлық кредиттер</b>	<b>417,738</b>	<b>27,666</b>	<b>99,607</b>	<b>2,728</b>	<b>547,739</b>
<b>ККЗ резервін шегергенге дейін клиенттерге берілген кредиттер</b>	<b>701,661</b>	<b>32,037</b>	<b>142,253</b>	<b>57,441</b>	<b>933,392</b>
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(15,634)	(5,314)	(43,396)	(27,451)	(91,795)
<b>ККЗ резервін шегергенде клиенттерге берілген кредиттер</b>	<b>686,027</b>	<b>26,723</b>	<b>98,857</b>	<b>29,990</b>	<b>841,597</b>

## 19. Негізгі құралдар және материалдық емес активтер

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер келесі позицияларды қамтиды:

	<i>2026 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)</i>	<i>2025 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілмеген)</i>
<b>Негізгі құралдардың баланстық құны, оның ішінде:</b>	<b>55,710</b>	<b>56,798</b>
Тозу және амортизация	(26,029)	(25,212)
<b>Материалдық емес активтердің баланстық құны, оның ішінде:</b>	<b>3,595</b>	<b>3,999</b>
Тозу және амортизация	(11,965)	(11,626)
<b>Пайдалану құқығы формасындағы активтердің баланстық құны, оның ішінде:</b>	<b>1,409</b>	<b>1,181</b>
Тозу және амортизация	(705)	(989)
<b>Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер жиыны</b>	<b>60,714</b>	<b>61,978</b>

## 20. Еншілес ұйымдарға инвестициялар

Банктің еншілес компанияларына инвестициялар келесі позицияларды қамтиды:

Атауы	Тіркеу елі	Негізгі қызмет	2026 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)		2025 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілмеген)	
			Қатысу үлесі, %	Баланс тық құн	Қатысу үлесі, %	Баланс тық құн
«ACB Development» ЖШС	Қазақстан Республикасы	Күмәнді үмітсіз активтерді басқару	100.00	44,045	100.00	42,835
«Alatau City Invest» АҚ	Қазақстан Республикасы	Брокерлік және дилерлік қызметтер	100.00	40,006	100.00	40,006
«Оптима Банк» ААҚ	Қырғыз Республикасы	Банк қызметі	97.14	23,790	97.14	23,790
«First Heartland Capital» АҚ	Қазақстан Республикасы	Инвестициялық портфельді басқару	100.00	21,527	100.00	21,527
«СК «Alatau City Garant» АҚ	Қазақстан Республикасы	Сақтандыру қызметі	100.00	12,763	100.00	12,763
«Jusan Инкассация» ЖШС	Қазақстан Республикасы	Инкассация қызметтері	100.00	431	100.00	431
<b>Жиыны</b>				<b>142,562</b>		<b>141,352</b>

## 21. Басқа да активтер

Басқа да активтерге келесі позициялар кіреді:

	2026 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)	2025 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілмеген)
Меншікті активтерді сатуға байланысты туындаған дебиторлық берешек	14,871	12,216
Комиссиялар бойынша дебиторлық берешек	2,516	2,194
Халықаралық төлем жүйелеріне қойылатын талаптар	1,412	1,657
Басқа инвестициялар	1,288	1,289
Шығарылған кепілдіктер бойынша дебиторлық берешек	1,075	1,076
Банктің сауда-саттыққа қатысуына арналған қамсыздандыру	770	788
Басқа да дебиторлық берешек	7,462	5,489
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(8,160)	(8,351)
<b>Басқа да қаржы активтері</b>	<b>21,234</b>	<b>16,358</b>
Алынған кепіл мүлкі	25,498	28,235
Алдын ала төлемдер	11,510	8,066
Материалдар мен қорлар	290	361
Басқа да қаржылық емес активтер	66	58
Құнсыздануға арналған резерв	(6,178)	(6,342)
<b>Басқа да қаржылық емес активтер</b>	<b>31,186</b>	<b>30,378</b>
<b>Жиыны</b>	<b>52,420</b>	<b>46,736</b>

**«Alatau City Bank» акционерлік қоғамы**

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікке ескертпелер

2026 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айға арналған

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

**22. Банктердің және басқа да қаржы институттарының қаражаты**

Банктердің және басқа да қаржы институттарының қаражаты келесі позицияларды қамтиды:

	<i>2026 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)</i>	<i>2025 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілмеген)</i>
Басқа банктердің корреспонденттік шоттары	28,250	31,074
Мемлекеттік ұйымдардан алынған қарыздар	11,894	11,586
Банктердің және басқа да қаржы институттарының мерзімді салымдары	7,166	34,983
	<b>47,310</b>	<b>77,643</b>
Шетел валютасын сатып алу-сату шарттары («спот»)	18	26
<b>Жиыны</b>	<b>47,328</b>	<b>77,669</b>

2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша мемлекеттік ұйымдардан түскен несиелерге шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарлама шеңберінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-дан (бұдан әрі – «Даму») 8,396 миллион теңге сомасына және ҚДБ-дан 3,498 миллион теңге сомасына мемлекеттік ұйымдардан алынған кредиттерді қамтиды (2025 жылғы 31 желтоқсан: Даму 8,172 миллион сомасына және ҚДБ-дан 3,414 миллион теңге сомасына). Даму мен ҚДБ берген кредиттер теңгемен көрсетілген, 2034 жылдан 2035 жылға дейінгі кезеңде өтеу мерзімімен, жылына 0.1% - дан 1.0% - ға дейінгі номиналды сыйақы мөлшерлемелері болады.

2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша басқа банктерден алынған салымдарға шетелдік банктерден 7,166 миллион теңге сомасына (2025 жылғы 31 желтоқсанда: шетелдік банктерден 29,928 миллион теңге сомасына және қазақстандық екінші деңгейдегі банктен 5,055 миллион теңге сомасына алынған депозиттер кірді).

**Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражатын шоғырландыру**

2026 жылғы 31 наурыздағы 2025 жылғы 31 желтоқсанда Банктің басқа банктерде және өзге қаржы институттарында қаражаты жоқ, олар бойынша қалдықтардың жиынтық көлемі банк капиталының 10% - ынан астамын құрайды.

**23. Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері**

Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттеріне төмендегілер жатады:

	<i>2026 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)</i>	<i>2025 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілмеген)</i>
<b>Ағымдағы шоттар мен талап етілгенге дейінгі депозиттер</b>		
- Корпоративтік	241,755	284,276
- Бөлшек	74,998	89,644
<b>Мерзімді депозиттер</b>		
- Корпоративтік	504,694	530,714
- Бөлшек	497,826	525,114
<b>Жинақ салымдары</b>		
- Корпоративтік	21,397	29,027
- Бөлшек	103,112	99,773
<b>Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері</b>	<b>1,443,782</b>	<b>1,558,548</b>
Клиенттерге берілген кредиттер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталатын	(2,478)	(4,534)
Қаржылық кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталатындар (29-ескертпе)	(21)	(441)

**«Alatau City Bank» акционерлік қоғамы**

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікке ескертпелер

2026 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айға арналған

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

**23. Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері**

2026 жылғы 31 наурыздағы корпоративтік мерзімді депозиттерге ҚРҰБ бекіткен ипотекалық тұрғын үй қарыздарын қайта қаржыландырудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ҚҚБ-дан алынған жалпы сомасы 13,844 миллион теңге (2025 жылғы 31 желтоқсанға: 13,787 миллион теңге) салымдар да кіреді. ҚҚБ-дан алынған депозиттер теңгемен көрсетілген, сыйақы мөлшерлемесі жылына 0.10% және 2045-2050 жылдары өтелуі тиіс.

**Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттерін шоғырландыру**

2026 жылғы 31 наурыздағы 2025 жылғы 31 желтоқсанда жағдай бойынша банкте ағымдағы шоттар мен депозиттердің жиынтық көлемі Банктің меншікті капиталының 10%-дан астамын құрайтын өзара байланысты клиенттер тобы жоқ.

**24. «Репо» шарттары бойынша кредиторлық берешек**

2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Банк ҚҚБ-да жалпы баланстық құны 107,494 миллион теңгені құрайтын «РЕПО» мәмілелерін жасасты (2025 жылғы 31 желтоқсанда: 146,946 миллион теңге). Аталған «РЕПО» мәмілелері Банк тарапынан өтімділік бойынша қысқа мерзімді позицияны басқару мақсатында пайдаланылады.

2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша аталған мәмілелердің нысаны кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар, олардың жиынтық әділ құны 92,478 миллион теңгені құрады (2025 жылғы 31 желтоқсанда: 113,462 миллион теңге), сондай-ақ амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар, олардың жиынтық әділ құны 15,016 миллион теңгені құрады (2025 жылғы 31 желтоқсанда: 32,128 миллион теңге) (17-ескертілме).

**25. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар**

Шығарылған борыштық бағалы қағаздарға мыналар жатады:

	Шығарылған күні	Өтеу мерзімі	Купон мөлшерлемесі	Тиімді мөлшерлемесі	Баланстық құн	
					2026 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)	2025 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілмеген)
Алтыншы облигациялық бағдарлама шегінде теңгемен көрсетілген облигациялар	13.11.2024	13.11.2034	8.00%	13.07%	78,904	76,550
Бесінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі облигациялардың үшінші шығарылымы	14.03.2019	14.03.2026	10.95%	13.44%	62,705	61,146
Теңгемен көрсетілген облигациялар, бірінші шығарылым	15.10.2018	15.01.2034	0.10%	11.50%	52,433	51,025
Теңгемен көрсетілген облигациялар, төртінші шығарылым	22.01.2019	22.01.2034	0.10%	11.50%	36,470	35,575
Теңгемен көрсетілген облигациялар, бесінші шығарылым	11.12.2020	05.10.2045	0.10%	12.50%	32,274	31,646
Теңгемен көрсетілген облигациялар, үшінші шығарылым	28.01.2019	28.01.2034	0.10%	11.50%	31,254	30,486
Теңгемен көрсетілген облигациялар, төртінші шығарылым	28.01.2019	28.01.2034	0.10%	11.50%	4,313	4,209
Теңгемен көрсетілген облигациялар, бірінші шығарылым	11.07.2007	11.07.2027	7.50%	10.90%	3,348	3,380
Теңгемен көрсетілген облигациялар, екінші шығарылым	22.01.2019	22.01.2034	0.10%	11.50%	832	812
АҚШ долларымен көрсетілген коммерциялық қағаздар, екінші транш	28.07.2025	28.07.2026	–	4.00%	50	56
АҚШ долларымен көрсетілген коммерциялық қағаздар, бірінші транш	28.07.2025	26.01.2026	–	3.96%	–	195
					<b>302,583</b>	<b>295,080</b>

Банктің шығарылған борыштық бағалы қағаздары ҚҚБ-да және АХҚО тізімделеді.

**«Alatau City Bank» акционерлік қоғамы**

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікке ескертпелер

2026 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айға арналған

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

## 26. Реттелген борыш

Реттелген борыш келесі позицияларды қамтиды:

	<i>2026 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)</i>	<i>2025 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілмеген)</i>
Реттелген облигациялар	58,773	56,838
Артықшылықты акциялардың борыштық компоненті	428	418
<b>Жиыны</b>	<b>59,201</b>	<b>57,256</b>

2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша реттелген борыштар жалпы сомасы 428 миллион теңгеге (2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 418 миллион теңге) 2,500,000 акция көлеміндегі баға белгіленегін облигациялар мен кумулятивтік өтелмейтін артықшылықты акциялар жатады. Банкроттық жағдайында реттелген облигациялар Банк өзінің барлық басқа міндеттемелерін толығымен өтегеннен кейін, бірақ артықшылықты акциялар өтелгенге дейін өтеледі.

### (а) Реттелген облигациялар

Төменде реттелген облигациялар шығарылымдары туралы ақпарат берілген:

	<i>Шығарылған күні</i>	<i>Өтеу мерзімі</i>	<i>Купон мөлшер-лемесі</i>	<i>Тиімді мөлшер-лесі</i>	<i>2026 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)</i>	<i>2025 жылғы 31 жел-тоқсан (аудит жүргізілмеген)</i>
Теңгемен көрсетілген қамтамасыз етусіз атаулы купондық реттелген облигациялар	22.12.2020	01.11.2035	0.10%	15.29%	17,719	17,108
Теңгемен көрсетілген қамтамасыз етусіз атаулы купондық реттелген облигациялар	11.12.2020	01.11.2040	0.10%	15.29%	13,147	12,693
Теңгемен көрсетілген облигациялар, алтыншы шығарылым	11.12.2020	25.10.2040	0.10%	14.60%	10,039	9,708
Теңгемен көрсетілген қамтамасыз етусіз атаулы купондық реттелген облигациялар	23.12.2020	01.11.2040	0.10%	15.29%	9,847	9,507
Теңгемен көрсетілген облигациялар, сегізінші шығарылым	04.06.2013	04.06.2028	9.00%	10.01%	5,053	4,932
Теңгемен көрсетілген облигациялар, екінші шығарылым	11.12.2020	26.10.2040	0.10%	14.60%	2,968	2,890
					<b>58,773</b>	<b>56,838</b>

Банктің шығарылған реттелген облигациялары ҚҚБ-да белгіленеді.

### (б) Кумулятивті өтелмейтін артықшылықты акциялар

Сатып алуға жатпайтын кумулятивтік артықшылықты акцияларды ұстаушылар бір акция үшін 100 теңге мөлшерінде ең аз кумулятивтік дивидендтер алады. Артықшылықты акциялар дивидендтер төлеу бойынша мерзімі өткен жағдайларды қоспағанда, дауыс беру құқығын бермейді. Банктің таза активтерінің қалдық құнын бөлу кезінде барлық акциялардың кезектілігі бірдей болады, алайда артықшылықты акциялардың иелері таза активтердің қалған құнын төлеуге дивидендтер сомасына түзетілген акциялардың номиналды құны шегінде ғана бөлуге қатыса алады. 2,500,000 дана мөлшеріндегі барлық артықшылықты акциялар шығарылды және орналастыру бағасы 1,000 теңге бойынша толық төленді.

**«Alatau City Bank» акционерлік қоғамы**

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікке ескертпелер

2026 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айға арналған

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

## 26. Реттелген борыш, жалғасы

(б) *Кумулятивті өтелмейтін артықшылықты акциялар, жалғасы*

